Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. R^1 жиынында қандай σ-алгебра борельдік σ-алгебра деп аталады?
2. $(\Omega, \sigma F, P)$ ықтималдық кеңістігінде анықталған $\xi_1, \ldots, \xi_n$ кездейсоқ шамалары тәуелсіздігінің анықтамасын беріңіз.
3. $(\Omega, \sigma F, P)$ ықтималдық кеңістігінде анықталған $\xi_1, \ldots, \xi_n$ дискретті кездейсоқ шамаларының тәуелсіз болуының қажетті және жеткілікті шартын келтіріңіз.
4. $(\Omega, \sigma F, P)$ ықтималдық кеңістігінде анықталған абсолютті үзіліссіз $(\xi_1, \ldots, \xi_n)$ кездейсоқ векторын құрайтын $\xi_1, \ldots, \xi_n$ кездейсоқ шамаларының үлестірім функциялары арқылы берілген тәуелсіз болуларының қажетті және жеткілікті шартын келтіріңіз.
5. $(\Omega, \sigma F, P)$ ықтималдық кеңістігінде анықталған абсолютті үзіліссіз $(\xi_1, \ldots, \xi_n)$ кездейсоқ векторын құрайтын $\xi_1, \ldots, \xi_n$ кездейсоқ шамаларының үлестірім тығыздықтары арқылы берілген тәуелсіз болуларының қажетті және жеткілікті шартын келтіріңіз.
6. (Ω, F, P) ықтималдық кеңістігінде анықталған ξ кездейсоқ шамасы қандай жағдайда биномиалды заң бойынша үлестірілген деп аталады?
7. (Ω, F, P) ықтималдық кеңістігінде анықталған ξ кездейсоқ шамасы қандай жағдайда Пуассон заңы бойынша үлестірілген деп аталады?
8. Геометриялық заң бойынша үлестірілген кездейсоқ шаманың үлестіру қатарын құрыңыз.

9. $[a, b]$ сегментінде бірқалыпты үлестірілген кездейсоқ шаманың үлестірім тығыздығының формуласын беріңіз.
10. Экспоненциалды (көрсеткішті) заң бойынша үлестірілген кездейсоқ шаманың үлестірім тығыздығының формуласын беріңіз.
11. Коши үлестіріммен, стандартты Коши үлестіріммен берілген кездейсоқ шамалардың анықтамаларын келтіріңіз.